

"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 225 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 1134 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 225 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Аризона Университетінің "Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "М. Қозыбаев атындағы СҚУ" КеАҚ) шетелдік аккредиттеу агенттіктері аккредиттеген қос дипломды бағдарламалар негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында консультациялық және білім беру қызметтерін көрсетуін қамтамасыз етсін.";

2-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген консультациялық және білім беру қызметтерін мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде көзделген қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландыру көзделсін.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі нормативтік құқықтық актілерге заңнамада белгіленген тәртіппен шетелдік әріптес университеттермен әзірленген және іске асырылатын қос дипломды білім беру бағдарламалары үшін жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру көлемін есептеудің жеке алгоритмін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізілсін.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК